



Тақырып: Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

Жоспар:

Сыбайлас жемқорлық түсінігі

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнама**

**Сыбайлас жемқорлықтың арнайы
субъектілері**

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар

Сұрақтар



Нормативтік материал:

- **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңы**
- **«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы**

Сыбайлас жемқорлық түсінігі

- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ –**
шенеуніктердің билікті
немесе лауазымдық
жағдайын жеке пайда алу
үшін теріс пайдалануы.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық құжаттар

Бағдарлама

Қазақстан Республикасындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 - 2015 жылдарға арналған салалық бағдарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №308 қаулысымен бекітілген (күшін жойған)

Стратегия

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия





Платишь за экзамен?
Ты тупой неудачник!

<http://aakaler.livejournal.com>

**Бүгінгі күнгі негізгі басымдық:
Сыбайлас жемқорлықтың
салдарларымен күреспей, оның
алғышарттарын жою**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама

Заң

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы

Заң

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы

Қаулы

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидалары, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысымен бекітілген

Сыбайлас жемқорлық түсінігі

- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлықтың белгілері:

Арнайы субъект

Қызмет өкілеттіктерін
заңсыз пайдалану

Игіліктер мен
артықшылықтар алу
мақсаты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл –

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

- **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ҰЛТТЫҚ БЮРОСЫ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ)**



**Агенттік төрағасы –
Қожамжаров Қайрат Пернешович**

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық қауіптілігі



- мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетеді
- елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді
- әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейді



 **TRANSPARENCY INTERNATIONAL**
the global coalition against corruption

Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі

The Corruption Perceptions Index

- Қазақстанның әлемнің 168-180 елінің арасындағы орны:

2011 жыл –
120-орын

2012 жыл –
133-орын

2014 жыл –
126-орын

2015 жыл –
123-орын





**Сыбайлас жемқорлық
қылмыстардың тұйықталған тізімі
ҚР ҚК 3-баб. 29)-тармағында
бекітілген**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР

- 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану
- 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану
- 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
- 365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау
- 366-бап. Пара алу
- 367-бап. Пара беру
- 368-бап. Парақорлыққа делдал болу
- 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау
- 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың арнайы субъектілері:

- Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам

- Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға теңестірілген адам

- Лауазымды адам

- Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам



Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға теңестірілген адам

- 1) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам
- 2) Қазақстан Республикасының заңынд белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат
- 3) Жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші
- 4) Мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, басқару функцияларын орындайтын адам
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері



Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам

- 1** Билік өкілі – мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен билік ету өкілеттіктері берілген адам, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, әскери полиция органының қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші
- 2** Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық
- 3** Өкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық
- 4** Аталған функцияларды арнайы өкілеттік бойынша атқаратын адамдар

Арнайы субъект

- Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам (ҚР ҚК 3-баб. 16-тарм.)

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметі
Объективтік жағы	Іс-әрекет	Қызметтік өкілеттіктерді қызмет мүдделеріне қайшы пайдалану
	Зардап	Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру
Субъект	Арнайы	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық
	Мақсат	- өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу; - басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру

Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-баб. 4-бөл. 3-тарм)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметі
Объективтік жағы	Іс-әрекет	Өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын әрекеттер жасау
	Зардап	Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру
Субъект	Арнайы	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық
	Мақсат	- өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу; - басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру

Пара алу (ҚР ҚК 361-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметі
	Заты	Пара, яғни ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда
Объективтік жағы	Іс-әрекет	Пара алу
Субъект	Арнайы	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

ҚЫЛМЫС ЗАТЫ


- Мүліктік сипаттағы пайда:
- мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, соның ішінде мүліктік міндеттемелерден босату
- ақысы төленуге тиіс әртүрлі қызметтерді (құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру, санаторлық немесе туристік жолдамалар, жол жүру билеттері) ақысыз қабылдау не жеңілдіктерді заңсыз пайдалану, жеңілдетілген шартпен қарыздар немесе кредиттер беру және т.б.



Пара алушының пайдасына жасалатын әрекеттер (әрекетсіздік):

- Қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттерді (әрекетсіздік) жасау
- Лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ету
- Жалпы қамқорлық немесе жол берушілік



- 
- **Қызметі бойынша жалпы қамқоршылық – бағынышты адамды белгіленген тәртіпті бұзып неғұрлым жоғары лауазымға тағайындаудан, оны көтермелеу төлемдерін төлеуге не марапаттауға және т.б. ұсынылатын адамдардың тізіміне енгізуден байқалуы мүмкін**
 - **Жол берушілік – пара беруші жасаған бұзушылықтар және т.б. анықталған жағдайда бақылаушы органның лауазымды адамының өзінің құзыретіне кіретін жауаптылық шараларын қолданбауға келісуі**

Шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы

Шет мемлекеттің лауазымды адамы – шет мемлекеттің заң шығару, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды атқаратын, тағайындалатын немесе сайланатын кез келген адам және шет мемлекеті үшін, соның ішінде жария ведомство немесе кәсіпорын үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын кез келген адам.

Халықаралық ұйымның лауазымды адамы – халықаралық азаматтық қызметші не осындай ұйым өзінің атынан әрекет жасауға уәкілеттік берген кез келген адам



Маңызды емес:

Параны қашан алғаны

Уағдаластықтың болып-болмағаны

Пара алушының пайдасына әрекеттер жасап-жасамағаны

Қылмыс болып табылмайды, егер:

- **сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса**
- **мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы бірінші рет алса**
- **бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алса**
- **алдын ала уағдаластық болмаса**



Кейс

- Қарағанды қаласы ІБ-ның жедел-ізвестіру қызметкерлері С. пен Т. мүліктік қылмыстарды ашу жөніндегі көрсеткіштерін жақсартып көрсету мақсатымен 2012 жылдың 2 қыркүйегінде А. деген азаматты ҚР ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігі бойынша заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартып, қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіппен ұстайды.
- *С. пен Т.-ның әрекеттерін саралаңыз.*

L/O/G/O



Назарларыңызға рахмет!

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.